БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 61 (9123) | 1953 жылғы 22 март Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1953 жылғы 14 мартта өткізілген пленумы мынадай қарарлар қабылдады:

1. ССРО Министрлер Советінің Председателі **Г. М. Маленков** жолдастың оны СОКП Орталық Комитетінің Секретары міндетінен босату туралы өтініші қабылдансын.

2. СОКП Орталық Комитетінің Секретариаты мына құрамда сайлансын: **Н. С. Хрущев, М. А. Суслов, П. Н. Поспелов, Н. Н. Шаталин, С. Д. Игнатьев** жолдастар.

3. Совет Одағының Коммунистік партиясы Уставының 32-тармағына сәйкес **Н. Н. Шаталин** жолдас СОКП Орталық Комитетінің кандидаттығынан мүшелігіне өткізілсін.

Халықтардың достығын үнемі нығайта берейік

Мемлекеттік және шаруашылық қызметке басшылықты онан сайын жақсарту саласындағы шараларды жүзеге асыруға бағытталған ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қарарларын еліміздің барлық халықтары қызу қостан, қарсы алды.

Коммунистік партия мен Совет үкметінің соңғы кезде қабылданған қаулыларында көп ұлтты ұлы социалистік мемлекетімізді мейлінше нығайту, Отанымыздың қорғанысы мен хауіпсіздігін қамтамасыз етуді кезден қуатты советтік қарулы күштерді нығайта беру, социалистік өнеркәсіпті үздіксіз өркендету және колхоз құрылысын нығайту, мәдениетімізді көркейту және жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының әл-ауқатын арттыру міндеттері ерекше айқын және терең белгіленді. Партия мен үкмет бүкіл халқымыздың бірлік күшін елімізде коммунистік қоғам салату жолында неғұрлым ойдағыдай алға басуымызды қамтамасыз етуге бағыттап келеді.

Өздерінің туысқан коммунистік партиясына жалыңды сүйіспеншілікпен шексіз сенетін еліміздің барлық халықтары Коммунистік партияның саясатын сөзсіз қолдауда. Бұл күндерде Совет Одағының барлық халықтары ұлы орыс халқымен туысқандық бірлік жасай отырып, Коммунистік партияның Орталық Комитетінің және Совет үкметінің төңірегіне онан сайын тығыз топталды.

Еліміздің халықтарының достығы социалистік революцияның ұлы жеңісі, совет мемлекетінің қуатының сарқылмас бұлағы болды. ССРО халықтарының берік достығы —лениндік-сталиндік ұлт саясатының, пролетарлық интернационализм принциптерінің ұлы өмірлік күшінің айқын белгісі.

Коммунистік партияның, Сталин жолдастың басшылығымен еліміздің ұлттық ауданының еңбекшілері өздерінің саяси, шаруашылық және мәдени өркендеуінде орасан зор табыстарға жеткенін олар әдейі көргісі келмейді.

[illegible] спидағы автомобиль және трактор заводтары сыяқты ірі-ірі жаңа заводтар мен фабрикалар салынды. Екінші Баку аудандарында мұнай шығару мықтап өсті.

Коммунизмнің ұлы құрылыстарындағы жұмыстар кеңінен жүргізілуде. Түркмен халқы еліміздің барлық халықтарының туысқандық көмегімен, ұзындығы 1.100 километр Түркмен бас каналын салуда. Каховка су электр станциясы құрылысындағы және Оңтүстік Украина каналындағы жұмыстар ойдағыдай жүргізілуде.

Балтық бойының жас советтік республикалары туысқан одақтас республикалардың көмегімен, өз елдерін индустрияландыру ісінде қыска мерзімде үздік алға басты, ауыл шаруашылығын коллективтендірулі жүзеге асырды және өздерінің озат мәдениетін—түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін ойдағыдай өркендетуде.

Партияның XIX съезі бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында, советтік республикалардың шаруашылығы мен мәдениетін онан сайын өркендетуді қамтамасыз ететін жаңа зор жоспарларды белгіледі.

Буржуазиялық лагерьдегі көп душпандарымыз және бізге қастық ойлаушылар үсті-үстіне: Советтік көп ұлтты мемлекет тұрақсыз деп қақсап, ССРО халықтары арасында жікшілік туады деп дәмелеседі. Душпандарымыз біздің мемлекетімізге, халықтардың тең правосыздығы, ұлттық қайшылық және араздық айрықша сипаты болып отырған өздерінің буржуазиялық елдеріне қарай бага береді. Социализм жаулары, халықтардың достығы мен тең праволылығын өрістетіп отыратын Совет үкметінің сипатын түсіне алмайды, Ұлы Октябрь социалистік революциясының және социалистік өзгерістердің нәтижесінде еліміздің барлық халықтары өздерінің шаруашылық және мәдени өркендеуінде орасан зор табыстарға жеткенін олар әдейі көргісі келмейді.

Облыс еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің қарарларына қажырлы еңбекпен жауап беруде

☆ ☆ ☆

Отанымыздың күш-қуатын арттыра береміз

Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігі заводының коллективі ССР Одағы Жоғарғы Советі IV -сессиясының қарарларын еңбектегі өрлеу үстінде қарсы алды. IV- сессия қабылдаған ССРО Министрлер Советінің құрамын бірауыздан мақұлдады. Бұл күндері завод коллективі Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсті.

Ұлы көсемнің табыты алдында Коммунистік партия мен Совет үкметінің, совет халқының атынан сөйлеген, И. В. Сталиннің сенімді серіктері, Совет үкметінің басшылары Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов, жолдастардың сөздерімен жігерленген завод жұмысшылары өздеріне көтерінкі міндеттемелер алды. Солардың бірі, мінсіз өнім шығару бригадасының бригадирі Е. Захарова жолдас. Бұл бригада январь, февраль айларының жоспарын асыра орындап, март айының айлық жоспарын 180 процент орындауға міндеттеме алды.

Партия ұйымы кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, завод жұмысшылары арасында IV -сессияның материалдарын кеңінен насихаттауда. 1-цехтың мінсіз өнім шығарушы бригадасының бригадирі Т. Ставьева былай деді:

— Совет үкметі еліміздің Ленин мен Сталиннің ұйрөткенінде коммунизмнің сәулетті шыңына қарай алға бастай беретініне біз сенеміз. Өзіміздің туысқан үкметімізді қажырлы еңбегімізбен әрқашан қолдаймыз.

К. ЛИОНОВА,

Завод жұмысшылары кәсіподақ ұйымы председателінің орынбасары.

Міндеттемені орындау

Жылқы өсірудегі тәжрибем мен міндеттемем

Менің «Қызыл ту» ауылшаруашылық артелінің жылқы фермасында жылқышы болып істегеніме 6 жылдай болды. Ерінбей еңбек етуімнің арқасында колхоз жылқысын өсіруге өз үлесімді қостым.

Мен алғаш жылқышы болып істеген жылы осы колхоздың жылқы фермасында 45-ақ жылқы бар еді. Ал, оның ішінде құнанды бие саны тіпті аз болатын. Кәзір колхозда 172 жылқы бар. Бұған біз мақтана алмаймыз. Өйткені, мұнда біздің әр қайсымыздың үлесіміз бар.

Мен жыл сайын әрбір биеден құлын алып, шығынсыз өсіріп келемін. Менің бұл еңбегім зор бағалануда. Өткен жылдар ішінде жылқы өсірудегі үздік табыстарым үшін бірнеше рет заттай және ақшалай сыйлықтар алдым.

Былтыр қарамағымдағы жылқылардың күтімін тыңғылықты ұйымдастырып, 35 биеден 35 құлын алдым. Сөйтіп, жылқы басын тел есебінен өсірдім. Бұл еңбегімді жоғары бағалап колхоз басқармасы маған бір жабағы берді. Облыстық ауыл шаруашылық бөлімінен 700 сом ақшалай сыйлық алдым. Кәзір жылқылар тебіндікте бағылады. Олардың барлығы күйлі, шығынсыз өсірілуде.

Жылқы өсіруде мұндай табыстарға қалай жеттім. Табыс кілті тыңғылықты күтімде екенін жұрттың бәрі біледі.

Жылқыны бағып күтудің бір ерекшелігі бар. Ол оның жаз да, қыс та жайылымда бағылатыны. Олай болса жылқының қорасы да, азығы да жайылым. Сондықтан жылқыны бүкіл жыл бойына жақсы жайылымдарда дұрыс бағып күту қажет. Мен бұл шартты мінсіз орындаймын.

Қыска қарсы тебіндік үшін шөбі мен суы мол жайылымдарды іріктеп аламын дың емін-еркін жайылып, тойына оттауын қамтамасыз етемін. Қысты күні жылқылардың суыққа шалдықпауына айырықша көңіл бөлемін. Күннің ашығында жылқыларды айдын жазықта жайып бағамын. Ал, боранды күндері ағаш қойнауларына және басқа да ықтасын жерлерге жаямын. Жылқыларды бұлай жайып бағу олардың күйлі, шығынсыз өтуіне жағдай жасайды.

Жазды күні де жылқыға ерекше күтім жасаймын. Жайылымның көптігін пайдаланып кейбір жылқышылар жаздыгүні жылқыны кез келген жайылымға салып қоя береді. Бұл дұрыс емес. Өйткені, мұндай жағдайда жылқылар жөнді оттай алмайды. Бұл жылқының қоңының төмендеуіне әкеліп соғады. Жылқыны күйлі өсіру үшін жаз да жылқының басы-қасында болып, жайылымды дұрыс пайдаланған жөн. Мен мұны мұқият еске алып, ыстық күндері жылқыларды кешке қарсы жаямын. Бұлай еткенде жылқылар еркін жайылып, тойына оттайды.

Менің табысқа жетуім жылқыға осы сыяқты тыңғылықты күтім жасауымның арқасы. Жылқы бағудағы тәжрибемді мен бұдан былай да бағыта беремін. Сөйтіп, бесінші бесжылдықта колхоздың қоғамдық малына көптеген жылқы өсіріп қосамын.

ССРО Жоғарғы Советі IV-сессиясының қарарларын бірауыздан қуаттаумен бірге, оған жауап ретінде еселеген жігермен еңбек етіп, табысымызды молайта беремік. Сессияның материалдары біздің коммунизм орнату ісінде батырлық істер істеп, социалистік Отанымыздың экономикалық күш-қуатын онан сайын нығайта беруге жігерлендіреді.

Т. ИМАНБАЕВ,

Октябрь ауданы, «Қызыл ту»

Оқытушылардың сөзі

Еліміздің еңбекшілері данышпан көсемімез И. В. Сталин жолдасты соңғы сапарға аттандырып салды. Ауыр күндерде совет мұғалімдері Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсті. И. В. Сталин жолдастың табыты басында совет халқының атынан сөйлеген үкмет басшылары Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов жолдастардың сөздерімен жігерленген совет мұғалімдері бақытты совет жастарын тәрбиелеу жолында еңбек етеді.

Бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты, біздің мектептің оқушылары мен оқытушылар коллективі де ССРО Жоғарғы Советі IV сессиясының қарарларын бірауыздан қуаттады. Бұл күндері мектеп оқушылары ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Л. П. Берия жолдастың, СОКП Орталық Комитетінің Секретары Н. С. Хрущев жолдастың IV сессияда сөйлеген сөздерін оқып үйренуде.

Совет оқушылары ұлы Сталиннің есімін мәңгі жүректерінде сақтайды. Туысқан Совет Үкметі еліміздің ұлы көсемдерімез Ленин мен Сталин көрсеткен жолмен коммунизмнің нұрлы шыңына қарай бастай береді деп біз сенеміз. Өйткені, социалистік мемлекетіміздің ролі И. В. Сталин жолдастың талантты, сенімді серіктерінің қолында.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы жас ұрпақтарды Ленин —Сталиннің өсиеттерін бұлжытпай орындауға бағытталған. ССРО Жоғарғы Советі IV сессиясының қарарлары туралы әңгіме өткізген кезде IX-«Б» класының класс жетекшісі Е. Дәрібаев жолдас былай деді:

—Көсеміміз Сталиннің тірі кезінде ойластырылып келген шаралардың іс жүзіне асырылуын шын жүректен мақұлдай-

...ніңіз социалистік орлендеу жолына түсіп, қазір коммунистік құрылысқа белсенія қатысуда. Елімізді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатын жүзеге асыру, ССРО-да мәдениет революциясын жасау барлық ұлттық республикалардың бейнесін негізінен өзгертті. Олар күлдеген өнеркәсібі, өркендеген ауыл шаруашылығы, алдыңғы қатарлы мәдениеті бар республикаларға айналды. Біздің елімізде Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен жаңа социалистік ұлттар құрылды.

Лениндік-сталиндік интернационализм принциптерін дәйектілікпен басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия тарихта алғаш рет орасан зор көп ұлтты мемлекет көлемінде ұлт араздығының жойылып, Совет Одағындағы барлық халықтардың мызғымас берік достығы мен туысқандық ынтымағының орнығуын қамтамасыз етті. Совет үкметі жағдайында ұлт араздығын қайтадан туғызуға тырысқан буржуазиялық ұлтшылдық идеологияға қыйрата соққы берілді. Бұрын езілін келген барлық халықтар бірғұтас туысқан семья болып топталды. Өзара сенім және еліміздің басшы ұлты —ұлы орыс халқы төңірегіне топталу негізінде Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылды. Біздің елімізде халықтардың мызғымас берік сталиндік достығы орнап нығайды.

«..ССРО халықтарының арасындағы достық, —деп үйретеді Сталин жолдас,— **үлкен және елеулі жеңіс. Өйткені бұл достық бар тұрғанда, біздің еліміздің халықтары еркін болады және жеңілмейді. Бұл достық бар тұрғанда және жасап тұрғанда бізге ешкім, ішкі жаулар да, сыртқы жаулар да қорқынышты емес».**

ССРО халықтарының достығы социализм орнату күресінде қалыптасып нығайды. Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігі жолындағы ауыр күрестің өрт жалыны ішінде, Ұлы Отан соғысының ұрыстарында ССРО халықтарының достығы онан сайын нығайып шыңдалды. Советтік қоғам және мемлекет құрылысының өмірлік күшін соғыс ерекше айқын көрсетті. Совет Одағы —көп ұлтты мемлекеттің ұлғісі екенін, советтік мемлекет құрылысы, ұлт мәселесін және ұлттардың ынтымақтасу проблемасын қандай да болса басқа көп ұлтты мемлекеттегіден жақсы шешкен мемлекеттік ұйым системасы болып отырғанын соғыс тағы да және тағы көрсетті.

Соғыстан кейінгі дәуірде совет елі халықтарының достығы коммунистік құрылыстың сталиндік программасын жүзеге асыру күресінде онан сайын нығайды. Советтік республикаларда социалистік экономика мен мәдениет көркеюде, халықтың әл-ауқаты онан сайын артуда. Мәселен, Грузиядағы металлургия заводы, Белоруссия...

...коммунистік партия, Ленин мен Сталиннің есиеттерін орындай отырып, келешекте де халықтардың тең праволылығы мен достығы саясатын жүргізе береді. Советтік көп ұлтты мемлекетті мейлінше нығайта береді, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің көркеюін қолдан, оған көмектесіп отырады. Коммунистік партия, халықтардың достығын бұзуға тырысатын барлық және қандай да болса ұлтшылдық элементтерге қарсы ымырасыз күрес жүргізіп келді және жүргізуде. Партия бұқараны советтік патриотизм және халықтар достығы рухында, интернационализм рухында тәрбиелеуді онан сайын өрістетіп, күшейте береді.

ССРО халықтарының сталиндік достығын бұза алатын, ыдырата алатын күш жер жүзінде жоқ. Бүкіл дүние жүзі үшін ұлттардың шын мәнісіндегі тең праволылығы мен ынтымағының мысалы және үлгісі болып отырған советтік мемлекет құрылысы ұлт мәселесі жөніндегі лениндік-сталиндік идеялардың ұлы салтанатын көрсетуде. Халықтар достығының советтік идеологиясы барған сайын қуатты күшке айналып, шетелдердегі барған сайын тобы көбейген миллиондаған адамдардың тілектестігін өзіне тартуда. Совет Одағы — халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің берік қамалы.

ССРО-ның социалистік ұлттары өзара құрмет және сенім, бірлік жағын қамтыйтын берік туысқандық достық және ынтымақтық қатынас орнатып, бұл саясатты өз елімізден де тыс, басқа барлық халықтар жөнінде жүзеге асыруда. Совет Одағының халықтары ұлы қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен мәңгілік, мызғымас берік туысқандық достықты мейлінше нығайтуда.

Совет Одағының халықтары өздерінің күшіне қатты сенеді. Совет мемлекетінің қуаты, совет халқының моральдық-саяси бірлігі қай уақыттағыдан болса да ұлы және берік күш болып отыр. Коммунистік партия мен Совет үкметі өздерінің барлық күшін елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы; совет халқының, ерікті және бақытты өмірі жолындағы күреске жұмсауда.

Біз партияның, үкметтің және совет халқының тығыз бірлігімен, Совет Одағындағы барлық халықтармен тату туысқан семья болып, коммунизм орнату жолымен алға басуламыз! Коммунистік партия ССРО халықтарының бірлігі мен достығын көздің қарашығындай сақтауда және келешекте де сақтайды, советтік көп ұлтты мемлекеттің қуатын нығайтып келді және келешекте де нығайта береді.

(«Правданың» 20 марттағы басмақаласы).

ПЕТР ЖАБОЛЕНКО БРИГАДАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕСІ

СТАЛИНОГОРСК, 18 март. (СОТА). «Сталиногорскуголь» тресі № 2 шахтасының «Донбасс» комбайнының машинисі Петр Жаболенконың бригадасы көмір комбайнының өнімділігін айына 11 мың тонна ға жеткізуге міндеттеме алып, шахтаның кеншілері осы күндерде жоспардан тыс бір эшелонға жуық көмір берді.

күресі

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Булаев ауданы) тозарлы сүт фермасының сауыншылары Ж. Сейілханова. Р. Біркенова, С. Ордабаева жолдастар партияның XIX съезінің қарарларына жауап ретінде быйыл әрбір сауын сыйырдан 1500 литрден сүт алуға міндеттенген болатын.

Ферма сауыншылары бұл міндеттемені абройлы жүзеге асыру ісіне жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап зор ұйымшылдықпен кірісті. Олар қарамағындағы сауын сыйырлардың қысқы жүтімін өз қолына алды. Сауын сыйырлардың бүкіл қыс бойына күйлі өсірілуін қамтамасыз етті.

Осындай тыңғылықты күтімнің нәтижесінде аталған сауыншылар қарамағындағы сауын сыйырлардан сүтті мол саууға жетісті. Озат сауыншылар сыйыр саууда күндік тапсырманы табысты орындап жүр.

Сауыншылардың кәзіргі қол жеткен табысы сүт дайындау жөнінде алған міндеттемелерін мінсіз орындауының кепілі.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Еселеген қарқынмен

Чистов совхозының жұмысшылары ССР Одағы Жоғарғы Советінің IV -сессиясының қабылдаған аса маңызды қаулыларымен оқып танысуда. Совхоз партия ұйымының үгітшілері жұмысшылармен жиі-жиі әңгіме өткізіп, оларға мемлекет билігінің жоғарғы органы қабылдаған заңдар мен қаулылардың саяси маңызын түсіндіруде.

Совхоздың № 3 бөлімшесінің мал бригадасының бригадирі О. Молдағұлов жолдас үгітшінің өткізген әңгімесінде былай деді: — Сессия халқымыздың мүдделері мен бақытына қамқорлық жасауды көздеген қаулы қабылдады. Біз бұған жауап ретінде коммунизм құрылысының орасан зор міндеттерін жүзеге асыру үшін қажырлылықпен еңбек етуіміз керек. Бригада коллективі мемлекетке сүт тапсырудың бірінші тоқсандық тапсырмасын кәзірдің өзінде толық орындап шықты. Біз тоқсан аяғына дейін мемлекетке жоспардан тыс 20 процент сүт тапсыруға, мал қыстатуды...

...колхозының аға жұмысшысы.

...ұлғілі аяқтауға, төлдерді шығынсыз өсіруге міндеттенемін.

Осы сыяқты, совхоз механизаторлары арасында да еңбек өрлеуі күн санап қыза түсуде. Олар тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді 1 апрельге дейін аяқтауға міндеттеніп, оны жүзеге асыру күресінде еңбектің тамаша ұлгілерін көрсетіп келеді. Мәселен, электр қуатымен болат балқытушы комсомолец Әмірқанов жолдас бұрын сменалық жұмыс тапсырмасын 140— 150 процент орындап келсе, кәзір 190—200 проценнтен орындауға жетісті. Токарь П. Ефремова жолдас та қажырлы еңбек етіп, жұмыс қарқынын екі есе арттырды.

Еңбек өнімділігін еселеген қарқынмен арттырушылар совхозда көптеп саналады. Олардың барлығы халық игілігі үшін еңбек етушілер.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІН АРТТЫРА БЕРЕЙІК!

Совет адамдары Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советінің жуырда ғана болып өткен IV сессиясы қабылдаған заңдар мен қарарларды бірауыздылықпен қарсы алды. Бұл заңдар мен қарарлар еліміздің өміріне іркіліссіз және дұрыс басшылықты қамтамасыз етуге бағытталған. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі болып К. Е. Ворошилов жолдас сайланды. ССРО Министрлер Советінің Председателі болып Г. М. Маленков жолдас тағайындалды. Жоғарғы Совет ССРО Үкметінің құрамын —ССРО Министрлер Советін бекітті. ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасарлары болып: Л. П. Берия, В. М. Молотов, Н. А. Булганин және Л. М. Каганович жолдастар, ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары болып А. И. Микоян жолдас бекітілді.

Сол сыяқты, Жоғарғы Совет ССРО министрліктерін қайта құру туралы Заңқабылдады.

Көп ұлтты Отанымыздың еңбекшілері Жоғарғы Совет қабылдаған бұл қарарларды шын ықласпен қарсы алып, Отанымыздың экономикалық күш- қуатын арттыра түсу үшін бұрынғыдан да еселеген жігермен еңбек етуде. Данышпан көсеміміз Сталиннің сенімді шәкірттері мен серіктері Г. М. Маленков, Л. П. Берия және В. М. Молотов жолдастардың Иосиф Виссарионович Сталинді жерлеуге арналған қаралы митингте сөйлеген сөздерінде Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасу жөніндегі шақыруына совет адамдары өздерінің жанқыярлық еңбегімен жауап беруде.

Совет адамдары орны толғысыз қайғы-душар болды. Адамзаттың ең данышпан адамы, кемеңгер көсеміміз Сталин жолдас арамыздан кетті. Бірақ, біздің жігеріміз бен еркімізді ешбір күш мұқалта алмайды. Өйткені, бізді коммунизмнің сәулелі шыңына бастап алып баратын Ленин—Сталин туы сенімді қолда, жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы ұлы Коммунистік партияның қолында, данышпан Сталиннің сенімді серіктері мен шәкірттерінің қолында. «Маленков жолдас басқарған Совет Үкметі елімізде коммунизм орнатудың барлық істеріне Ленин мен Сталиннің үйреткеніндей басшылық етеді, халықтарымыздың мүдделері үшін жан-тәнімен қызмет етеді». (Л. П. Берия).

Бұл күндерде совет халқы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсті. Біздің адамдарымыз Ленин —Сталин партиясы мен туысқан Совет Үкметінің данышпандық басшылығы арқасында коммунизмнің салтанат құруы жолында табыстан-табысқа жете беретіндігіне шексіз сенеді.

Бірақ, табыс өз бетімен келмейтіндігін, жанқыярлық еңбектің нәтижесінде ғана табысқа қол жететіндігін біз жақсы біледі-міз. Демек, қол жеткен табысқа масаттану, тоқмейілсу —совет адамдарына мүлде жат қылық. Сондықтан халық шаруашылығының барлық салаларында социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еңбек өрлеуін барған сайын арттыра беруіміз қажет.

Отанымыздың экономикалық күш- қуатын арттыру жөнінде совет халқының қол жеткен табысы ұшан- теңіз. Совет халқының бұл тәжірибесінде біздің облысымыздың еңбекшілерінің де үлесі бар. Бүкіл совет адамдары сияқты, облысымыздың еңбекшілері де —өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, Петропавл темір жол бөлімшесінің теміржолшылары, колхозшылар мен механизаторлар, облыс интеллигенциясы туысқан партиямыз бен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсіп, өздерінің саяси және өндірістік белсенділіктерін арттыра түсті. Өнеркәсіп орындары мен темір жол бөлімшесінің кәсіпорындары бірінші тоқсанның өндірістік тапсырмаларын табысты орындау жолында, ауыл шаруашылығының еңбекшілері мал қыстатуды ұлғілі аяқтау және көктемгі егіске тыңғылықты әзірлену жолында аянбай еңбек етуде. Бұл жолда айтарлықтай табыстарға жеткен колхоз, совхоздар мен МТС-тер және кәсіпорындары онлап саналады. Мұндайлардың қатарына шойын құю-таразы, былғары заводтарын, «1 май» кәсіпшілік артелін, Приешім, Интернационал МТС-терін, Ленин ауданындағы «Еңбек», Совет ауданындағы Ленин атындағы, Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхоздарын, Совет совхозын қосуға болады.

Дегенмен алда тұрған шаруашылық міндеттерді орындау барысы облысымызда ойдағыдай деуге болмайды. Бізде өндірістік тапсырмаларды орындай алмай келе жатқан кәсіпорындары жоқ емес. Облысымызды жалпы алғанда мал қыстатуды өткізу, көктемгі егіске әзірлену жұмыстары мүлде қанағаттанғысыз болып отыр.

Партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы басты міндеті еңбекшілердің саяси және өндірістік өрлеуін бастай білін, оларды алда тұрған саяси -шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындауға белсендіре жұмылдыру. Партия ұйымдары еңбекшілер арасында алда тұрған міндеттерді орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетіп, ұгіт -бұқаралық жұмыстарды әсерлі жүргізуі қажет.

Совет адамдары партия мен үкмет алға қойған ұлы міндеттерді ойдағыдай орындап шығуға жұмылулы. Міндет —біздің адамдарымыздың осы саяси және өндірістік өрлеуін бастай білуде.

Біздің қасиетті міндетіміз —социалистік Отанның онан әрі гүлденуін қамтамасыз ету. Біздің еліміздің қуаттылығы мен беріктігінің тірегі болып табылатын социалистік өнеркәсіпті барынша өркендетіп отыруға тиісіз. Біз колхоз құрылысын барынша нығайта беруге, совет елінің барлық колхоздарын онан әрі өркендетіп, гүлдендіре беруге, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағын нығайта беруге тиісіз.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің алға қойған бұл ұлы міндеттерінің ойдағыдай орындалатындығы сөзсіз. Бұған бүкіл совет халқының Ленин — Сталин партиясының саясатына шексіз берілгендігі, партиямыз бен үкметіміздің данышпандық басшылығы және совет адамдарының қажырлы еңбегі кепіл.

мыз. Ол шараларға кәзір заң күші берілді. Мұнан бәрі совет халықтарының мүдделеріне сәйкес келеді.

Біз, совет мұғалімдері, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің оқу- ағарту жұмысына жасап отырған қамқорлығының ұшан теңіз екенін өте жақсы білеміз. Сондықтан да жастарды коммунистік рухта, Ленин —Сталин ісіне шын берілген, жауға мейірімсіз, коммунизмнің жас құрылысшылары етіп тәрбиелеп шығарамыз. Бұл үшін біздің елімізде барлық жағдайлар бар.

Мектеп мұғалімдері бұл күндері И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі мен «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегін оқып үйренуде.

Біз, совет мұғалімдері, туысқан үкметі мізді халық ағарту майданында қажырлы еңбек етіп, білімді, мәдениетті совет жастарын тәрбиелеу арқылы қолдап отырамыз.

К. ЕСПОЛОВА,
М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебінің мұғалимасы.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия оқуының сапасын жақсарта береміз

Колхоз партия ұйымы коммунистердің саяси- идеялық білімдерін арттыру мәселесіне үнемі көңіл бөліп келеді. Былығы оқу жылында партия ұйымы жанында партия тарихын үйренетін жоғарғы және негізгі типті үйірмелер ұйымдастырылып, партия оқуына барлық коммунистер және біркатар комсомолцтер қамтылды. Кәзіргі кезде партия оқуы жаңа оқу программасы бойынша партияның XIX съезінің директивалары, кементгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген тарихи сөзі туралы өткізіледі.

Насихатшы Ш. Хамзин жолдас тыңдаушыларға кең түсінік беріп келеді. Ол сабаққа күні бұрын әзірленіп, негізгі мәселелерге жете көңіл бөледі. Мұның өзі тыңдаушылардың саяси сабаққа зор белсенділікпен қатысуын қамтамасыз етіп жүр.

Бірақ, партия оқуында кемшіліктер жоқ деуге болмайды. Негізгі типті үйірмеге қатысушы кейбір коммунистер мен комсомолцтердің сабаққа келмей қалуы сияқты фактілер орын алды. Партия ұйымы бұл кемшіліктерді дерекзінде көрді. Партия ұйымының жыйналысында негізгі типті үйірмеде партия оқуының жайы жөнінде мәселе қаралды. Партия ұйымының жыйналысы партия оқуындағы кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгілеп, әрбір коммунистен және комсомолцтен сабаққа үздіксіз қатысуды талап етті. Бұдан кейін үйірмеде партия оқуының барысы негізінен жақсарды. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуы және саяси -идеялық білімдерін толықтыруға белсенділіктері арта түсті.

Кәзіргі кезде партия ұйымдарының идеологиялық жұмысының негізгі бір саласы —коммунистерді маркстік- лениндік теориямен қаруландыру, осы арқылы олардың өндірістегі авангардтық рольдерін мейлінше арттыру. Колхоз партия ұйымының партия оқуы жылын үлгілі аяқтап, істің бұл саласында жаңа табысқа не болатындығы сөзсіз.

Б. НЕКІБАЕВ,

Преснов ауданы, Жданов атындағы колхоз партия ұйымының секретары.

Үйірме сабағы зор белсенділікпен өтті

Облыстық аурухана мекемесінің коммунистері мен партияда жоқ активтері әдеттегідей бұл күні де үйірме сабағына белгіленген мерзімде түгелінен жыйналды. Үйірме насихатшысы Поротиков жолдас тыңдаушыларға «Коммунистік партия — совет қоғамының басқарушы және жетекші күші, ССРО-да коммунизм орнату күресінің ұйымдастырушысы және рухтандырушысы» деген тақырып бойынша әңгіме болатындығын хабарлады. Насихатшының берген сұрақтарына жауап бергісі келгендер мұнда өте көп. Тыңдаушылар сұрақтарға толық әрі түсінікті жауап берді.

Әсресе, тыңдаушы Азарх жолдас ерекше көзге түсті. Ол елімізді артта қалған аграрлық елден индустриялы-колхозды елге айналдырудағы партиямыздың басшылық ролін толық айтып берді. Осы сыяқты. тыңдаушылар Новитова, Маркелова жолдастар да насихатшының сұрақтарына дұрыс жауап берді. Тыңдаушылар сұраққа жауап бергеннен кейін насихатшы сол сұрақ бойынша қорытынды жасап, негізгі мәселелерге тоқталды. Кейбір тыңдаушылардың сұраққа жауап бергенде қандай негізгі мәселелерге тоқталмағанын айтты.

Сабақтың екінші сағатында насихатшы жаңа тақырып—«Совет Одағы Коммунистік партиясының күші мен қуаттылығы неде» деген тақырыпта әңгіме өткізді. Ол бұл тақырыпқа толық әзірлікпен келген. Насихатшы әрбір тыңдаушының толық түсінік алуын ойластырады. Сондықтан да тыңдаушылар насихатшының түсінігін зор ықыласпен тыңдады.

Түсінік аяқталғаннан кейін тыңдаушылар насихатшыға сұрақтар қойып, түсінбегендерін толық біліп алды. Бұдан кейін насихатшы тыңдаушыларға жаңа тақырып бойынша конспектіні қалай жасау, бұл тақырыпқа қандай материалдарды пайдалану жөнінде бағыт берді. Саяси сабақтың осындай толық әзірлікпен және белсенді түрде өтуі тыңдаушылардың нәтижелі білім алуына мүмкіндік туғызады.

И. ЛИФАТОВ,

ҚКП қалалық комитетінің нұсқаушысы.

Колхозшылар арасындағы саяси үгіт

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы-

Жас натуралистер

СОКП XIX съезінің политехникалық оқу туралы қарарларын жүзеге асыра отырып, біздің мектептің жас натуралистері комсомол, пионер ұйымдарының көмегімен жас натуралистер үйірмесінің жұмысын бұрынғыдан да жақсартты. Сөйтіп, олар үстіміздегі жылы қызықты тәжрибе жұмыстарын жүргізуді белгілеп, оларға мектептің барлық оқушыларын қатыстыруды қарастырды. Тәжрибе жұмыстарының тақырыптарын кластарға және звеноларға бөлді. Кластардағы звеноларды басқара отырып, жас натуралистер күнделік жасады. Олар бұл күнделікке жүргізілген тәжрибе жұмыстарын жазып отырады.

Біздің тәжрибе жұмыстарын жүргізуге әзірлік жұмыстары күзден бастап жүргізіліп келеді. Күзді күні жас натуралистер зябь жыртылған жерлерді өңдеп, участоктің алаңын кеңейтіп, күзден сәбіздің, қызылшаның, пияздың және гүлдердің бірнеше түрлерін егіп қалдырды. Сол сыяқты, қара бидай, дәнді дақылдар екті. Жаздық дақылдарды күзден егіп қалдыру жөнінде тәжрибе жасады. Біркатар алма және жидек-жеміс ағаштарының тұқымын жыйнады. Жас натуралистер Мичурин атындағы орталық генетикалық лабораториядан жүзімнің, алманың және жидектің бірнеше сортының тұқымын алды.

Кәзір жас натуралистер өсімдіктердің тұқымының шығымдылығын байқап, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Олар рассадажәне тұқымдай егеді. Сөйтіп, бұландастырылған томат тұқымынан пасленга екпе егіп, екінші рет бұландастырады. Жас натуралистер Фролов Владимир және Мальцев Владимир екі жылдық капустаны бір жылдық капустаға айналдырмақ. Капуста тұқымын қыс бойына сақтау орнына олар тұқымды 1—5 градус жылылықта 60 күн бойына яровизациялады, одан кейін банкелерге отырғызып, оларды өсіруге электр жарығын пайдаланды. Капуста февральдің бас кезінде шашақтана бастады. Ол гүлдене бастасымен-ақ жас натуралистер тоғыспалы әдіс бойынша тозандандырады. Сөйтіп, Фролов пен Мальцев көктем егісіне дейін капустаның жетілген тұқымын алуға жетіспек.

Жас натуралист Воробьев Владимир Шортанды селекциялық станциясынан алған «Зима» сортты күздік бидайды яровизациялау жолымен 1952 жылы одан бір масақ шашақты қара бидай алды. Ол кәзір бұл табысын баянды етуді ұйғарып отыр. Шашақты күздік дақыл өсіру жөнінде жас натуралист Бурлаков Юрий Воробьевпен бірлесіп жұмыс істей бастады. Олар академик Т. Д. Лысенконың нұсқауларын ұқыптылықпен орындап, табыска жететіндеріне берік сенуде.

Таңдаулы жас натуралистеріміз Евгеньев Борис, Воробьев Владимир, Землянов Юрий, Ахметжанов Рауль, Бектеміров Виктор және Сельверстов Анатолий Бүкілодақтық [illegible]

Венгрияда „Сталин мәңгі жасайды“ деген документті фильм жасалып шықты

БУДАПЕШТ, 19 март. (СОТА). Венгрияның хроникалық және документалдық фильмдер жасайтын студиясы экранға «Сталин мәңгі жасайды» деген жаңа документті фильм жасап шығарды. Фильм бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі және ұстазы И. В. Сталин жолдастың қайтыс болуымен байланысты венгер халқының қайғысын бейнелейді. Венгер Халық Республикасының Мемлекеттік жыйналысының қаралы мәжлісі және И. В. Сталин атындағы алаңда Будапешт еңбекшілерінің қаралы митингісі, сол сыяқты, Татабанда, Матиэс Ракоши атындағы металлургия комбинатында, Сталинварошта, Юрэмнің, Червенков атындағы жер өңдеу өндірістік кәсіпшілігінде болған қаралы митингілер фильмге түсірілген.

Сол сыяқты, Москвада болған қаралы күндер де фильмде көрсетіледі.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 20 март. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясы мен қытай халық ерікті лерінің бөлімдері бұрынғы алып тұрған шептерінде өткен күні американ-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы артиллериялық ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады.

Жапониядағы ішкі саяси дағдарыс

ШАНХАЙ, 20 март. (СОТА). Токиодан алынған хабарға қарағанда, Жапония күшті ішкі саяси дағдарысты басынан кешіруде.

Соңғы парламент сайлауы өткеннен кейін алты айдан аз уақыттың ішінде Иосида үкметіне сенімсіздік білдіру — американ басқыншыларының қолшоқпарына айналған Иосида кабинетінің антиұлттық саясатына жапон халқының қарсылық көрсетуінің барған сайын өсіп отырғандығының нәтижесі болып табылады. Американ басқыншыларының орнатқан тәртібіне халық бұқарасының қарсылық көрсетуі жапон реакциясының лагерінде ыдыраушылық тудырды. Фракциялық күрес американ басқыншыларының моральдік -саяси сүйеніші болып отырған билеуші партия —либерал партиясының берекесін кетіруде. Иосида мен реакционерлігі Иосидадан бірде кем емес осы либерал партиясының басшысы Хатояманың арасындағы басшылық үшін қырқыс партияның ішінде ертеден болып келеді

Соңғы уақытта Иосида кабинетінің саясатына жапон жұртшылығының наразылығы өскендіктен партияның ішіндегі қырқыс бұрынғыдан да күшейе түсті. Токио радиосының хабарына қарағанда, іс либерал партиясының іс жүзінде ыдырауына апарып соққан Хатояма Иосидадан қол үзіп, Иосида партиясына қарсы тұратын «жапон либерал партиясы» деп аталатын партияны жасайтындығын мәлімдеген. Хатояма мен бірге Иосиданың либерал партиясынан партияның басқа бір топ едәуір жетекшілері бөлініп шыққан. Жаңа партияның программасы да Иосида партиясының программасындай реакцияшыл.

Сол сыяқты, либерал партиясының ыдырауы тіпті жапон буржуазиясының арасында да Иосида беделінің түскендігінің нәтижесі болып отыр. Жапон экономикасының негізгі тарауларын американ капиталына берген либерал партиясының бас иішілік экономикалық саясатына наразылықтың салдарынан ұлттық буржуазияның бір бөлегі Иосиданы және оның партиясын қолдаудан бас тартып отыр. Токио радиосының хабарына қарағанда, Жапонияның сауда- өнеркәсіп палатасының председателі Фудзияма келешекте болатын парламент сайлауында Жапонияның финанс топтары Иосида партиясын қолдамайды деп мәлімдеген.

Либерал партиясының ішіндегі ыдыраушылық американ басқыншылығының режиміне қарсы Жапонияда наразылықтың күшейгендігін және ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің барған сайын кең өрістей түскендігін дәлелдейді.

Франколық Испаниядағы фашистік террор

ПАРИЖ, 20 март. (СОТА). Мұнан бұрын хабарланғанындай, Барселондағы франколық соғыс трибуналы фашизмге қарсы 38 күрескерді әртүрлі тұтқын жазасына кескен. «Юманите» газеті бүгін, Испанияның бұл патриоттары Франконың фашистік режиміне қарсы [illegible] лы тұтқындалған болатын деп жазады Түрмеде оларды қатал азаптауға ұшыратқан. Сотталғандардың ішінде Каталония Біріккен социалистік жастарының белсенді мүшелері: Хосе Мария Сендрос, Роландо Кальво Беллод, Антонио Сеспедес Лопес бар. Оларды 15 жыл тұтқын жазасына

ның партия ұйымы (секретары Баграмов жолдас) жергілікті Советтердің сайлауы кезінде колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістете білді. Мұның өзі игі нәтижесін берді де. Колхозшылар сайлау күнін өндірістік табыстармен қарсы алып, оны ұйымшылдықпен өткізді.

Партия ұйымы кәзір үгіт-бұқаралық жұмыстың өрісін әлсіреткен жоқ. Үгітшілер Жүсіпов, Сқаков, Елеусізов, Райымбекова жолдастар колхозшыларға партиямыздың XIX съезінің материалдары және И. В. Сталин жолдасты жерлеуге арналған қаралы митингіде Маленков, Берия, Молотов жолдастардың сөйлеген сөздері жөнінде әңгіме өткізіп жүр.

Үгітшілер егіншілер мен мал өсірушілерге жаңа бесжылдықта колхоздың алдында тұрған міндеттерді жете түсіндіріп, оны жүзеге асырудың негізгі жолдарын үнемі айтып отырады. Олар мал өсірушілерге газеттер мен журналдардан қоғамдық

алудағы озат малшылардың тәжрибелерін оқып, кеңінен таратып отырады.

Саяси үгіттің кең өріс алуы колхозшылардың колхоздың қоғам шаруашылығын өркендету үшін қажырлы еңбек етулеріне үлкен ықпалын тигізуде. Мұнда мал қыстату барлық жағынан үлгілі өтіп келеді. Малдарға азықты дайындап беруісі ұйымдастырылып, әрбір малға азық мөлшермен беріледі. мезгілінде суарылады.

Бұл колхоздың колхозшыларының бар мақсаты —мал қыстатуды үлгілі аяқтау, көктемгі егіске тыңғылықты әзірлену, сөйтіп, егін және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі алда тұрған міндеттерді мүлтіксіз орындап шығу. Партия ұйымының колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты мейлінше өрістете отырып, жұмыстың табысты болуын қамтамасыз ететіндігі сөзсіз.

Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА.

лар өсіру үшін 2 жәшік жасады.

Евгеньев Борис пен Землянов Юрий екеуі ете қызықты тәжрибе жұмыстарын жүргізуде. Олар 1952 жылы томатқа паслен тұқымын егу арқылы бұндастырылған томатопаслен алды. Үстіміздегі жылы олар бұндастырылған осы томат тұқымын әр түрлі жағдайда ерте көктемде рассада отырғызу арқылы

қалы отыр.

СУРЕТТЕ: Петропавлдағы М. Горький атындағы № 1 жетіжылдық мектептің биология пәнінің мұғалімі П. Степанов және оқушы Владимир Воробьев шашақты қара бидайдың масағын қарап тұр.

Сөзін жазған П. Степанов.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Редакцияға хат

„Орнататын орын жоқ“

Жамбыл атындағы іріленген колхоздың (Октябрь ауданы) движок сатып алғанына біраз уақыт болды. 22 аттық күші бар движокты көріп колхозшылар өте қуанған еді. Бұдан бұрын колхоздың орталығындағы жалғыз жел диірмен колхозшылардың түгелдей үнмен қамтамасыз ете алмайтын.

Движоктың колхозға әкелінгені болмаса, ол әлі орнатылмай, қар астында жатыр. Егер колхоз председателі Рыспаев жолдастан движок туралы сұрай қалсаңыз: «орнататын орын жоқ» деп келте жауап береді. Рыспаев жолдас колхоз шаруашылығына басшылық етумен бірге колхозшылардың күнбе-күнгі тұрмыс жағдайын жақсартуға да жете көңіл бөліп, қолда бар движокты дереу орнатып, пайдалануға берген жөн.

Қ. КҮЗЕНБАЕВ.

Мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсарта берейік

СОКП XIX съезінің қарарларында идеологиялық жұмыстың негізгі салаларының бірі —халық ағарту орындарының алдына аса зор және жауапты міндеттер қойылды. Съезд қарарларында бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жалпыға бірдей онжылдық білім алуға көшуді аяқтау, келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуды толық жүзеге асыру міндетін толық шешу үшін қажетті шаралар қарастырылған. Бұл міндеттердің ойдағыдай және сөзсіз жүзеге асырылуы жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының халық ағарту орындары мен мектептердің жұмысына басшылық және бақылау жасау ісін мейлінше жақсартып, оқу- тәрбие жұмысының сапасын арттыруда оларға күнбе- күн көмектесіп отыруын талап етеді.

Жалпыға бірдей орта білім алуға көшу міндетінің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету, жастарға сапалы білім беріп, оларды коммунистік рухта тәрбиелеу міндетін ойдағыдай шешу үшін еналдымен оқу жасындағылардың мектепке түгел тартылуын, олардың оқуды тастап кетуіне жол берілмеуін қамтамасыз ету керек. Бұл мәселеге жете мән бере отырып, ауданымыздың бірқатар мектептері үстіміздегі оқу жылында мектеп жасындағы балаларды мектепке толық тартып, оқу жылы бойына бірде- бір оқушының оқуды тастап кетуіне жол бермеді. Олардың қатарында Николаевка, Тельман атындағы, Ганькин мектептері бар. Аталған мектептердің оқытушылар коллективі оқушылардың мектепке түгел тартылуын қамтамасыз етумен тынып қоймай, олардың оқуға келуін күн сайын бақылап отырады.

Оқушылардың мектепте жыл бойына қол үзбей оқуын қамтамасыз етуде жалпыға бірдей оқу қорының алатын орны зор. Ауданымыздағы Бугровое, Полудень, Фурманов, Сергеевка мектептерінде жалпыға бірдей оқу қорының ұйымдастырылып, оған түскен қаржының дұрыс жұмсалуы оқушылардың оқуды тастап кетуін болдырмауға көп көмек көрсетті.

Мектептердің өмірінде ең зор және маңызды мәселенің бірі —оқу-тәрбие жұмысы. Қай жерде оқу- тәрбие жұмысы дұрыс жолға қойылса, сол мектептің жұмысы да нәтижелі болатындығы белгілі қағида. Бұл мәселенің дұрыс шешілуі көп реттерде мұғалімдерге байланысты. Ауданымыздың алдыңғы қатарлы көптеген мұғалімдері бұл міндетті іс жүзінде іскерлікпен орындап келеді. Мәселен, Тоқшын орта мектебінің оқытушысы Вавлина жолдас сабақты сапалы жүргізеді. Өзі сабақ беріп жүрген пән бойынша оқушылардың толық үлгеруін қамтамасыз етумен бірге, өзінің идеялық -теориялық білім дәрежесін көтеру ісімен де үздіксіз шұғылданады. Оқытушы Кузьминых, Григорьева, Пельмская, Усань жолдастар да оқушылардың оқуды толық үлгеруіне жетісті.

Алайда, аудан мектептерінде жастарға білім, тәрбие беру жұмысының жайы, оқу сапасы айтарлықтай дәрежеде болмай келеді. Кейбір мектептерде, сол сыяқты, жеке мұғалімдердің сабақ беру сапасы өте-мөте төмен. Мәселен, Раевка мектебінде алғашқы жарты жылдықта оқушылардың 75 проценті ғана оқуды үлгерді, ал, Камышлов жетіжылдық мектебінде әрбір төрт оқушының бірі үлгермейді. Мұнда мектепке тартылмай қалған оқу жасындағы балалар да жоқ емес. Мектеп директоры Коверга жолдас мұндай кемшіліктердің орын алуына тікелей жол беріп отырса, мектеп партия ұйымы да оқу- тәрбие жұмысын жақсартуды қамтамасыз ете алмай келеді.

Әсресе Ново- Георгиев жетіжылдық мектебінің жұмысы өте-мөте қанағаттанғысыз. Бұл мектептің кейбір мұғалімдері оқушыларға сабақты нашар, тіпті кейде бұрмалап түсіндіреді. Мәселен, оқытушы Могильная жолдас тарих сабағында орыс-жапон соғысы деген тақырып бойынша сабақ бергенде: «Россияның жеңілген себебі, оған ешкім көмектеспеді. Сондықтан да ол соғыста жеңіліп қалды. Соғыс патша өкметінің құлауына әкеліп соқты. 1905 жылдың январында революция жеңіп шықты» деп түсіндірген.

Міне, бұл сыяқты фактілердің өзі кейбір мұғалімдердің өздерінің жалпы және саяси білім дәрежелерін көтеру ісімен жете шұғылданбайтындығын дәлелдейді.

Мектептердің жұмысында болып келген кемшіліктерді дереу жойып, оқу жылын үлгілі аяқтау—ауданымыздың халық ағарту орындарының, мектеп коллективтерінің жауапты міндеті.

Балаларға коммунистік тәрбие беру ісінде кластан тыс тәрбие жұмыстары зор роль атқарады. Сондықтан мектептердегі ұйымдардың жұмысын жоспарлы түрде жүргізіп отыру керек.

Партияның XIX съезінің қарарларында мектептің алдына политехникалық оқуға көшуді жүзеге асыру міндеті қойылған. Ауданымыздың кейбір мектептері өздерінің алдына қойылып отырған бұл аса жауапты міндеттің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ете алмай отыр. Көп мектептерде география, химия, физика, математика, биология сабақтарында оқушылармен тәжрибе жұмыстары жүргізілмейді.

Аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде аудан мектептерінің жұмысы және олардың алдында тұрған міндеттер туралы мәселе қарап, мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсартуға бағытталған шаралар белгіледі.

Мектеп партия, комсомол ұйымдары өздерінің жұмысын негізінен жақсартып, мектептегі оқу-тәрбие жұмысы туралы мәселелерді өздерінің жыйналысында жиі- жиі қарауға, сын және өзара сынды кеңінен өрістетуге, сөйтіп, байқалған кемшіліктерді іс үстінде дереу жойып отыруға міндетті.

Оқу жылының үшінші тоқсаны аяқталды. Мектеп басшылары мұғалімдердің күнбе-күнгі жұмысына бақылауды мейлінше күшейтумен бірге, мектеп партия, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, СОКП XIX съезінің қарарларында мектептердің алдына қойылып отырған абройлы және аса зор міндеттерді мінсіз орындауына жетісу үшін, үстіміздегі оқу жылының үлгілі аяқталуы үшін қажетті шаралардың бәрін қолдануы керек.

А. КАРПЕНКО,
ҚКП Полудень аудандық комитетінің секретары.

Франция экономикасын милитарландырудың нәтижесі

ПАРИЖ, 20 март. (СОТА). Ресми түрде жарияланған санақтық мәліметтерге сүйене отырып, «Юманите» газеті 1952 жылдың ішінде Францияда көпшілік қолданатын товарларды шығару бүтіндей 10 процент кемігендігін хабарлайды. Әсресе, осы

уақыттың ішінде шыны өнеркәсібінің өндірісі 16 процент, тоқыма өнеркәсібінің өндірісі 10 процент, былғары — 12 процент, май —12 процент, қағаз бен картон—20 процент кеміген.

Пуэрто-Рикодағы транспорт жұмысшыларының ереуілі

НЬЮ- ЙОРК, 20 март. (СОТА). Интернешнл Ньюс Сервис агенттігі тілшісінің Сан- Хуаннан берген хабарына қарағанда, Пуэрто- Риконың транспорт жұмысшылары жалақыны арттыру және басқа талаптарды қанағаттандыру туралы келіссөз нәтижесіз болып аяқталғаннан кейін жаппай ереуіл жарияларған. Кәсіподақ жетекшілері тарапынан болған қарсылыққа қарамастан, жаппай ереуілді кәсіподақтың қатардағы мүшелері жарияларған.

Тілшінің сөзіне қарағанда, ереуіл саяси сипат алған көрінеді, өйткені жұмысшылардың ереуілі тәуелсіздік үшін күрес партиясымен байланысты.

ТҮРКИЯДАҒЫ ЖЕР СІЛКІНУДІҢ САЛДАРЫ

ЛОНДОН, 19 март. (СОТА). Стамбулдан алынған хабарларға сәйкес, Рейтер агенттігінің тілшісі Стамбулдан былай деп хабарлайды: Дарданелл ауданында 18 мартта кешке болған жер сілкінудің нәтижесінде 300 ден 500 ге дейін адам қаза тапқан. Ресми мәліметтер әлі жарияланған жоқ.

Жер сілкіну Анатолияның бүкіл Батыс бөлегін және Орталық Анатолияның кейбір бөлегін қамтыған. Генен және Енидже қалалары орасан зор апатқа ұшыраған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЫСТЫҚ ЖҮРЕК»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЕГІЗДЕР»

Сеанстар сағат 6-8-де басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Петропавлдың сауда қызметкерлерін даярлайтын мектебі официант-калар даярлайтын оқуға оқушылар қабылдайды.

Оқуға 7 класс көлемінде білімі бар 17 жастан асқандар қабылданады. Оқушыларға 220 сом мөлшерінде стипендия төленеді.

Мектептің адресі: Вожатый көшесі, 26-үй. Телефон 7-10.

Солтүстік Қазақстан облыстық тұтынушылар одағына түпкілікті жұмысқа өндіріс товарлары жөніндегі товаровед, ревизор -бухгалтер, транспорт жөніндегі инспектор КЕРЕК.

Сол сыяқты, курсанттар үшін пәтер үй КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 64-үй. Кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Кітап саудасы бөлімшесіне кітап қоймасының меңгерушісі КЕРЕК.

Жұмыс жайы жөнінде Ленин және Папанин көшелерінің бұрышындағы үйге (қорадан айналып кіру керек) «Қазкнижторг» бөлімшесінің кеңсесіне келіп түсінік алуға болады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында «ЫСТЫҚ ЖҮРЕК» деген, А. Н. Островскийдің комедиясы бойынша жаңа көркем суретті 2 сериялы спектакль-фильм көрсете бастайды.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат —1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе —1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00530. **Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 баспаханасы, Ленин көшесі, № 21-үй.**